

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесінің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 қазандағы N 1045 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.03. N 99 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 853 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

Мыналар Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамына енгізілсін:

Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі, төрағаның орынбасары;

Диқанбаева Сәуле Әлкейқызы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, хатшы;

Ойнаров Азамат Рысқұлұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі;

Шәмшідинова Күләш Ноғатайқызы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі;

Лукин Андрей Иванович - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі;

Досжан Ардақ Дүкенбайұлы - Қазақстан Республикасының Ақпарат вице-министрі;

Нұрғалиева Еңлік Нұрғалиқызы - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі;

Әшитов Батыржан Зайырқанұлы - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі;

Оразбаев Бірлік Есіркепұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі;

Тасболатов Абай Бөлекбайұлы - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары;

Өскембаев Қожамұрат Бейісұлы - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі;

Мусина Лилия Сәкенқызы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі;

Исаев Батырхан Арысбекұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі;

Қанағатов Елсияр Баймұхамедұлы - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары;
м ы н а :

"Досқалиев Жақсылық Ақмырзаұлы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі, төрағаның орынбасары

Белоног Анатолий Александрович - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Досқалиев Жақсылық Ақмырзаұлы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі, төраға

Белоног Анатолий Александрович - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері";

көрсетілген құрамнан Бауыржан Әлімұлы Мұхамеджанов, Ерік Мазанұлы Мусин, Арман Тергеуұлы Айдарханов, Ғалымқайыр Мұтанұлы Мұтанов, Ерік Мылтықбайұлы Өтембаев, Олег Максимович Беспалько, Нұрша Кәкенұлы Кәкенов, Ғалым Избасарұлы Оразбақов, Олег Григорьевич Рябченко, Елена Леонидовна Бахмутова, Төлеухан Мұратханұлы Нұрқиянов, Иван Иванович Отто, Қайрат Айтмұхамбетұлы Нүрпейісов, Наталья Артемовна Коржова шығарылсын;

2-тармақ алынып тасталсын;

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 10 қазандағы

№ 1045 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесі қызметінің міндеттерін, функцияларын, құқықтық және ұйымдастыру негіздерін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Үйлестіру кеңесі) "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) іс-шараларын орындауды қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында құрылды.

2. Үйлестіру кеңесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

3. Үйлестіру кеңесі өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттері мен функциялары

4. Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттері:

1) Бағдарламада көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;
2) азаматтардың денсаулығын сақтау саласында мемлекеттік саясатты жетілдіру жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстарды дайындау болып табылады.

5. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Үйлестіру кеңесінің функциялары:

1) Бағдарламаның іс-шараларын орындау жөніндегі істің жай-күйін талдау;

2) мынадай:

халық денсаулығын сақтау саласындағы мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін жетілдіру;

денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі салааралық ынтымақтастықты үйлестіруді күшейту және реформалар мониторингі жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

3) азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері жөніндегі қоғамдық және халықаралық ұйымдармен тиімді өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық саласында

ж ә р д е м д е с у ;

4) Бағдарламаны іске асыру барысы туралы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін хабардар ету болып табылады.

3. Үйлестіру кеңесінің құқығы

6. Үйлестіру кеңесі жүктелген міндеттерді іске асыру мақсатында:

1) орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға;

2) өзінің құзыретіне енетін мәселелер бойынша ұсынымдарды әзірлеуге және ұсыныстарды енгізуге;

3) Бағдарламаны іске асыруға қатысты мемлекеттік және басқа да органдармен ұйымдардан материалдарды сұратуға және алуға;

4) міндеттерді іске асыруға байланысты мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін өз отырысына шақыруға және тыңдауға;

5) Бағдарламада көзделген іс-шараларды уақытылы орындау жөніндегі, сондай-ақ Бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз етпейтін мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары және лауазымды адамдарының жауапкершілігін белгілеу жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуге;

6) өзінің құзыретіне жатқызылған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

4. Үйлестіру кеңесінің жұмысын ұйымдастыру

7. Үйлестіру кеңесінің құрамы мемлекеттік органдардың өкілдерінен қалыптасады және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

8. Үйлестіру кеңесінің төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, отырыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды және оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

9. Үйлестіру кеңесінің отырысын өткізу үшін қажетті материалдарды даярлауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Үйлестіру кеңесінің жұмыс органы болып табылады, бұл ретте барлық қажетті материалдарды отырысқа дейін кем дегенде үш күн бұрын Үйлестіру кеңесінің мүшелеріне жібереді.

10. Үйлестіру кеңесінің отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ жарты жылда кем дегенде бір рет өткізіледі. Отырыс Үйлестіру кеңесі мүшелерінің жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі.

11. Үйлестіру кеңесінің шешімі Үйлестіру кеңесі мүшелерінің жалпы

санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Төраға берген дауыс шешуші болып табылады.

12. Үйлестіру кеңесінің шешімі хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатқа ие болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК